

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№3 (31) шілде-қыркүйек 2022

ISSN 2710-3994



Бас редактор:

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

Абашиин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)

Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)

Аяган Бүркітбай Фелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)

Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)

Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)

Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)

Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Матыжанов Кенжехан Исламжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)

Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)

Римантас Желвис (Želvyus Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)

Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Жауапты редактор:

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:

Раушан Жәліқызы

Техникалық хатшы:

Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)

Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)

Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)

Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)

Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Аязан Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)

Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)

Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)

Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)

Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)

Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)

Римантас Желвис (Želvyys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)

Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)

Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Таймагамбетов Жакен Кожакметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)

Ответственный редактор:
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:
Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:
Кубеев Рустан Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:

Раушан Жәліқызы

Технический секретарь:

Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)

Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Raushan Zhalikyzy

Technical secretary:

Khumarzak Altynbek

https://doi.org/10.51943/2710-3994_2022_31_3_238-248

FTAMP 03.20.00

ҚЫТАЙ ЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ ЕЛТЕРІС ҚАҒАН ТУРАЛЫ ІШНАРА МӘЛІМЕТТЕР

Ж. Ошан*^{ID}

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Қазақстан, Алматы.

*Автор-корреспондент

E-mail: zhan918@mail.ru (Ошан).

Андатпа. Мақалада Қытай деректеріне сүйене отырып, екінші Шығыс Түрік қағанатының негізін қалаушы Елтрис Құтлықтың хандық құру және оның іргесін бекіту жолындағы ерлік жорықтары баяндалады. Көне түркі ескерткіштерінің деректеріне сүйене отырып, қытай деректеріндегі анық көрсетілмеген, және олқы мазмұндарды талқылайды. 682 жылы Бірінші түрік қағанатын құрушы әулеттің тікелей ұрпағы Құтлұқ пен көк түріктердің екінші бір тармағынан тараған Тонүкүк (Тосукук) қатарлы тұлғалар көк түріктердің жарты ғасыр бұрын құрдымға кеткен елдігін қайта қалпына келтірді. Екінші түрік қағанатының құрылуы барысы, қағанаттың іргесін қалаушылары – Елтеріс қаған және Тонүкүк сияқты тарихи тұлғалар туралы «Күлтегін», «Тонүкүк», «Білге қаған» қатарлы руникалық жазба ескерткіштерде біршама мәліметтер сақталған. Бұл мәліметтер туралы еліміз оқырмандары жете таныс. Солай дегенмен Екінші түрік қағанаты мен оның тарихы туралы аса мол деректер кешені Қытай дерек қорларында сақталған. Бірақ, осы материалдар қорындағы қатысты мағлұматтары жекелеген мамандарға ғана таныс болғанымен, көпшілік оқырман қауымына соншалықты таныс емес. Мақала еліміз оқырман жұршылығының осындай сұранысын өтеуді мақсат етті.

Түйін сөздер: Екінші Шығыс түркі қағанаты, Елтеріс қаған, Тонүкүк, Руна жазбалары, Қытай деректемелері, Чаньюй протектораты, У Цзэтянь, Тоғыз оғыздар, Баз қаған.

МРНТИ 03.20.00

ЧАСТИЧНАЯ ИНФОРМАЦИЯ ОБ ЭЛЬТЕРИС-ХАНЕ В КИТАЙСКИХ ИСТОЧНИКАХ

Ж. Ошан*

Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. Казахстан, Алматы.

*Корреспондирующий автор

E-mail: zhan918@mail.ru (Ошан).

Аннотация. В статье на основе китайских данных, описываются героические походы Кутлуг Эльтериш-кагана, основателя Второго Восточно-Тюркского каганата, на пути к основанию ханства и закладыванию его основ. На основе данных древнетюркских памятников обсуждается содержание, не обозначенное четко и отсутствующее в китайских данных. В 682 году прямой потомок династии основателей исторического Первого Тюркского каганата Кутлик и потомок другой племени кок-тюрков Тоньюкук восстановили разрушенную полвека назад империю Кок тюрков. Некоторые сведения о создании Второго Восточно-тюркского каганата и его основателях сохранились в рунических надписях памятников «Кюльтегин», «Тоньюкук» и «Бильге каган». Читатели нашей страны знакомы с этими подробностями. Однако богатый набор данных о Втором Восточном-тюркском каганате и его истории всесторонне сохранился в китайских источниках. Хотя соответствующая информация в этом материальном фонде известна только отдельным специалистам и не так хорошо знакома широкому кругу читателей.

Статья призвана удовлетворить такой спрос читателей нашей страны. Статья ограничивалась представлением наиболее важных данных из китайских источников.

Ключевые слова: Второй Восточно-тюркский каганат, Эльтериш-каган, Тоньюкук, *тюркских рунических надписей*, китайские источники, Протекторат Чаньюй, У Цзэтянь, Токуз-огуз, Баз каган.

IRSTI 03.20.00

PARTIAL INFORMATION ABOUT ELTERIS KHAN IN CHINESE SOURCES

Zh. Oshan*

Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. Kazakhstan, Almaty.

*Correspondent author

E-mail: zhan918@mail.ru (Oshan).

Abstract. In the article, based on Chinese data, the heroic campaigns of Kutlug Elterish-Khagan, the founder of the Second Eastern Turkic Khaganate, are described, on the way to the foundation of the khanate. On the basis of the ancient Turkic monuments, the content is discussed, which is clearly indicated and absent in the Chinese data. In 682 a direct descendant of the founding dynasty of the historical First Turkic Khanate Kutlik and a descendant of another tribe of Kok Turks, Tonyukuk, restored the Kok Turks empire, that was destroyed half a century ago. Some information about the creation of The Second Turkic Khaganate and its founders was preserved in the runic inscriptions of the monuments "Kultegin", "Tonyukuk", and "Bilge Kagan". Readers of our country are familiar with these details. However a rich set of data about The Second Turkic Khaganate and its history has been comprehensively preserved in the Chinese sources. However the relevant information in this material collection is known only to individual specialists, and is not so familiar to a wide range of readers. The article is intended to satisfy such a demand of our country's readers. The article was limited to presenting the most important data from Chinese sources.

Key words: The *Second Turkic Khaganate*, Elterish Khagan, Tonyukuk, *Turkic runes*, Chinese sources, Chanyu Protectorate, Wu Zetian, Tokuz-Oguz, Baz Khagan.

Кіріспе. Ұлы дала тарихы мен мәдениетін ежелгі кезеңін зерттеудегі ең келелі әрі ең күрделі мәселе тарихи деректер мәселесі саналады. Мұнда сақталған қиындықтардың бірінші түрі бір ғана қытай деректеріне ғана сүйеніп зерттеу жасаудан туындаған кіріштарлық саналады. Сақ, ғұн, сяньби дәуірлерінен Бірінші түрік қағанаты дәуіріне дейінгі кезеңдер тарихын зерттеу негізінен жазба деректер қайнарының бір жақтылығынан туындаған кедергілерге көбірек ұшырап отырады. Екінші түрік қағанаты дәуірінде көк түріктер өз жазуын қолдана отырып, түрлі жазбалар қалдыра бастады. Осыдан соң көне түркілердің өз деректері ғана емес, соғды, тохар, хотан, тібет жазбалары, артынша грек, парсы және араб деректері де көптеп қалыптасты. Бұл жазба деректер қорының бір жақтылы болу кемшілігін толтырды, деректер қорында сақталған әлгіндей қиыншылықтарды жеңілдетті. Сондай-ақ қытай деректерінде орын алған түйткілді мәселелердің шешуіне орасан зор көмегін тигізді. Солай дегенмен Ұлы даланың тарихы мен мәдениетін зерттеуде қытай деректері өзінің қалыптасқан орынын сақтап қала береді.

Материалдар мен әдістер. Негізгі материалдар жазбаша дереккөздерінен және ғылыми-зерттеу еңбектерінен тұрады. Біздің тарапымыздан мәселені қарастыруда көне түркі ескерткіштері мен қытайлық тарихи әдебиеттерге қосымша отандық және шетелдік ғалымдар еңбектеріндегі зерттеу жетістіктері пайдаланылды. Тарихи фактілерді, оқиғаларды, тарихи тұлғаның тұлғалық келбетін ашуға қатысты мәселені нақты тарихи деректер бойынша дәлелдеп көрсетуді мақсат ететін тарих ғылымы, ғылыми методология талап ететін жалпы принциптер мақаланың ең басты әдіснамалық негізін құрады. Бұл әдіс деректемелерді салыстырғанда, ғалымдардың көзқарастарын жүйелеуде кеңінен пайдаланылды.

Талқылау. Түркі ескерткішінде «Адам баласы үстіне ата-бабам Бұмын-қаған, Істеми қаған [таққа] отырған. [Таққа] отырып, түрік халқына, еліне, төріне (билігі) тұтқа болған...» деп жаза келе қағанаттың құлдырауға бет алған дәуірін: «... Осындай күлік (даңқты) қағандар еді. Онан соң інісі қаған болған еді. Бірақ інісі ағасындай болмады. Ұлдары әкесіндей болмады. Біліксіз қағандар [таққа] отырған еді. Әлсіз қағандар таққа отырған еді. Бұйрықтары (қолбасшылары) біліксіз еді, әлсіз болған еді. Бектері, халқы адал /түз/ болмағандықтан, табғач халқының алдауына сенгендіктен, арбауына көнгендігінен, інілі-ағалының кектескендігінен, бектер мен халықтың ымырасыздығынан түрік халқы елдігінен, елінен айрылды» (Сартқожа Қ. 2012 : 61) деп сипаттап жазды.

Түркі ескерткіштері сипаттап көрсеткен бұл көрініс VII ғасырдың бірінші ширегінде орын алған болатын. Нақтап айтар болсақ 627 жылы Шығыс түрік қағанатының шаңырағы шайқала бастаса, 630 жылы Іліг қаған Таң патшалығы мен оның одақтастарынан ресми түрде жеңілді. Ол жансауғалап Төлес қағанға қашып барды. Алайда, Төлес қаған оны Таң патшалығына апарып берді. Іліг қаған Чан-ань қаласына жеткізілгеннен кейін Таң императоры Ли Шиминь оны қатты айыптады. Бірақ, өлтірмеді, бір елдің қағаны деген үлкен басын кішірейтіп, бір аймақтың әкімі етіп тағайындады. Бұл қорлыққа жаны төзбеген Іліг қаған қатын баласымен бірге зар еңіреп дауыс айттып жылаумен болады. 634 жылы Ол Қытай астанасы Чан-аньде құсаланып өлді (Ouyang Xiu 1975: 6028-6050; Еженханұлы Б., Ошан Ж. 2006: 165).

Түркілердің осыдан кейінгі тағдырын тағы да түркі ескерткіштері мәтінімен көрсетер болсақ: «Қағандығын жүргізіп отырған қағанынан айрылды. Табғач халқына бек ұлдарың құл болды, ару қыздарың күң болды. Түрік бектер түрік атын жойды. Табғачшыл табғач атын тұтынды. Табғач қағанға бағынды. Елу жыл ісін-күшін берді. [Олар] ілгері күн шығыста Бөкілі қағанға дейін жаулады. Кері Темір қақпаға дейін жаулады. Табғач қағанға [басқаның] елін, төрін [билігін-үкіметін] алып берді. Түріктің күллі қара халқы былай десті: «Елді халық едім, елім қайда? Кімге елдік кұраймыз?» – десті. «Қағанды халық едім, қағаным қайда? Қай қағанға күш-қуатымызды береміз?» – десті. Осылай деп табғач халқына жау болды» деп жазады (Сартқожа Қ. 2012: 61).

Сөйтіп, арада тура 50 жылға тарта уақыт салып түркі ақсүйектерінің өз елдігін қалпына келтіру мақсатындағы қимылдары қайта белең ала бастады. 679 жылы Ашидэ Вэньфу (Ұран бек) және Ашидэ Фэнчжы қатарлы түркі бектері өз иелігіндегі елді бастап Таң империясына қарсы көтеріліске шықты. Олар хан тұқымы Ашина Нишуфу (Низүк бек) есімді ақсүйекті «қаған» деп ұлықтады. Бұл оқиға «Қазан айында болып, кезекті көтеріліске Чаньюй протектораты деп аталатын әкімшілік өңірдің қарамағындағы 24 аймақтағы түркі шенеуніктері түгел ат салысып, олардың адам саны 100 мыңға жеткен» (Sima Guang 1956: 6392-6393; Wang Pu 1978: 1691). Шайқас кезінде Таң патшалығының қолбасшысы Сяо Сы-е өзінің 10 мыңнан астам әскерінен айрылып, өзі қашып құтылады, бірақ император Гаоцзун оны мансабынан алып, өзін Оңтүстік Қытайға жер аударады.

Осы оқиғадан кейін Гоби шөлінің оңтүстігіндегі жерлер түгелімен түркілердің ықпалына өткен болатын. Таң патшалығы түркілердің елдігін қалпына келтіру мақсатындағы күресін ұясында жойып жіберуді көздеді. 680 жылдың көктемінде әйгілі қолбасшы Пэй Синцзяньді бас қолбасшы етіп 480 мың әскермен екі бағытта жорыққа аттандырды. Көп жыл бойы Батыс түрік қағанаты аумағында түрлі соғыстарды басқарған тәжірибелі қолбасшы түркілерге күйрете соққы бере алды. Соғыс кезінде Ашидэ Фэнчжын тұтқынға түсті. Ашина Нишуфуды (Низүк бек) күні кеше ғана қаған көтерген бектерінің бірі өлтіріп, басын кесіп дүспанына апарып берді. Сөйтіп, түркілердің Табғачтарға қарсы алғашқы көтерісі сәтсіз аяқталды. Дегенмен, көтеріліс көсемдерінің бірі Ашидэ Вэньфу (Ұран бек) қашып құтылып, Инь-Шань тауының батысындағы қарлықтарға барды. Артынша Іліг қағанның інілерінің ұрпағынан тараған Ашина Фунян (Баян) атты хан ұрпағын іздеп тауып, Хуанхэнің батыс бетіне өтіп, сол жерде оны «қаған» деп жариялады. Сөйтіп, түркі тайпалары қайта біріге бастады (Liu Xu 1975: 194, 5166). Бірақ, 681 жылы Пэй Синцзянь далаық аймаққа кезекті жорыққа қайта аттанды. Түркі жұрты бұл жолы да ерекше ерлік көрсетті. Бірақ, Пэй Синцзянь солтүстіктегі тоғыз оғыздармен бірлесіп,

көтерілісшілерге екі бүйірден соққы берді. Ашина Фунянь (Баян) жағдайдың мүлде тиімсіз екенін көріп, жақтастарын ертіп өз еркімен берілді.

Алайда, Таң патшалығы Ашина Фунянь (Баян), Ашидэ Вэньфу (Ұран бек) қатарлы 54 адамды Чан-ань қаласына апарып, артынан олардың басын кесіп, көшеге іліп қойды (Sima Guang 1956: 6394). Бұл сұмдыққа Таң патшалығы қолбасшысы Пэй Синцзянь өзі наразы болды. Осы қанды оқиғадан кейін түркі ақсүйектері қытай билігіне болған сенімін мүлде жоғалтты. Сөйтіп бүкіл түркі жұрты Таң патшалығына өшігіп, нар тәуекел деп, ақтық шайқасқа бел буды.

Түркілердің дәл осы тұстағы тарихи жағдайын «Күлтегін» ескерткішінде: «Осылай деп табғач халқына жау болды. Жау болып қарсы тұрып, әрекет етіп құлады. [Табғачқа] қайта бағынды. Бүйтіп күш-қуатын бергісі келмеді. (Бүйткенше) «Түркі халқы қырылайық, ұрпақсыз қалайық десті». [Түркі халқы] жойылып бара жатты (Сартқожа, 2012 : 61) деп көрсеткен болатын.

Түркі жұртының тағдыры қыл үстінде тұрған осынау сәтте Табғачтарға қарсы күрестің үшінші толқыны көтерілді. Бұл күресті Құтлұқ бастады. Ол Ашина Фунян (Баян) бастаған көтеріске қатысқан ақсүйектің бірі еді.

«Күлтегін» ескерткішінің кезекті мазмұнында: «[сол кезде] жоғарыда Түрік Тәңірісі, Түріктің киелі Жері, Суы былай депті: Түрік халқы жойылмасын деп, ел болсын деп әкем Елтеріс қағанды, анам Ел-Білге қатынды Тәңірі төбесіне тұтып, жоғары көтеріпті. Әкем қаған он жеті сарбаз жинапты. [Олар] тыста жортуылда жүр дегенді бәрі естіп, қаладағылар жиналды. Таудағылар сонда барып қосылды. Жиналып жетпіс ер болды. Тәңірі күш бергені үшін Әкем – қағанның әскері бәрі сияқты еді. Жаулары қой сияқты еді. Ілгері-кейін шапқылап [халықты] жинады, көтерді. Барлығы жеті жүз ер болды. Жеті жүз болып елсіреген, қағансыраған халықты; күнденген, құлданған халықты, Түрік төрінен (билігінен) айрылған халықты ата-бабам [дәстүрлі] билігіндей қайта жаратты, орнатты. Төлес (сол қанат), тардүш (оң қанат) халқын сонда құрды. Табғач халқы жау еді. Сырт жағымызда Баз қаған – тоғыз оғыз халқы жау еді... деп тәптештеп көрсеткен (Сартқожа Қ. 2012: 61-62).

Қытай деректемелері Құтлұқ пен оның қағанатты қалпына келтіру жолындағы алғашқы қадамдары туралы: «Ашина Фунянь (Баян) жеңілген кезде Гудолу (Құтлұқ) бытыраған елді жинап, Цзунцай-шань тауын (Чұғай құзы) паналап, тонаушылық істеп жүрді» деген келте мәлімет берген (Liu Xu 1975: 194, 5167). Осы дерек бізге Құтлұқтың бұған дейінгі тарихы Ашидэ Вэньфу (Ұран бек), Ашина Фунян (Баян) қағанмен тіке байланысты болғанын, оның жоғарыда орын алған оқиғалардың бел ортасында жүрген көрінекті тұлғалардың бірі екенін көрсете алады. Ал оның тегі туралы: Гудолу – Селидің руласы. Ол Юнчжунның дудуы Шэли Юаньиннің қол астындағы тайпа көсемі, мұрагер ретінде тутунь лауазымына ие болып келген деген деректер бар (Еженханұлы Б., Ошан Ж. 2006: 179).

Нәтижелер. Елу жыл бойы басқаның боданына айналып күші мен ісін берген көк түріктердің өз мемлекетін қалпына келтіру жолындағы күресі мен бастапқы қадамда жеткен жетістіктері аймақта үлкен дүмпу туғызды. Осыған байланысты Тібеттер мен Он оқ қағанатының Таң патшалығына қарсы жорықтары одан әрі жиілей түсті. Сол себепті Таң патшалығы әр жыл сайын қорғану сипатты жорықтарға шығып отырды. Бұл патшалықты қалжыратып, әлеуетін әлсірете түсті. Дәл осы жылы Он оқ қағаны Ашина Чэбо (Чабыш) өзінің шығыстағы бауырластарының ізімен Таң патшалығына қарсы тұра бастады. Таң патшалығы шекара аймақтар мен жақын көрші елдерде орын алған оқиғалардың империяға келтіретін залалын талқылай келе ең соңында, Пэй Синьцзянді бас қолбасшы етіп тағайындап, Он оқ қағанына жорыққа аттануды ұйғарады. Таң империясының бұл шешімі Құтлұққа төнген қауіпті сәл де болса сейілтті, соның өзі оған аса зор мүмкіндіктерді берді.

Таң патшалығының әскери бақылауының әлсіреуі мен бірге түркі халқының табғачтарға болған өшпенділігінің артуына байланысты түркі жұрты Құтлұқтың маңына жедел түрде топтаса алды. Құтлұқтың күш-қуаты еселеп артып, көп өтпей таудан түсіп далалық өңірге қарай беттеді. 682 жылы Ол Қарақұм қаласын (Қазіргі Ішкі моңғолдың орталығы Көкеқота //Хух-Хоото қаласының Солтүстік батысында) астана етіп, осы жерде түрлі заңдар мен мемлекеттік жүйені жасақтап, Түркі қағанатын ресми түрде қалпына келтіруге ат салысты әрі

Екінші Шығыс Түрік қағанатының негізін ресми түрде қалады. Осы тұста ол «Елтеріс қаған» деп ұлықталды. Айтулы оқиға түркі халқының жарты ғасыр бұрын кұрдымға кеткен елдігін ресми қалпына келуге кең жол ашты. Қытай деректемелері осы оқиғаның алды-артында оған қарасты халық саны 5000 адамнан асқанын хабарлады (Liu Xu 1975: 194, 5167).

Елтеріс қаған осыған дейін данагөй Тонүкүқты бас қолбасшы, ақылгөй етіп белгілеп, оны «Білге Тонүкүк», нақтап айтсақ: «Білге Тонүкүк Бойла Баға Тархан» деп ұлықтады. Түркі ескерткішінде айтулы ұлықтау туралы: «Одан соң көктегі тәңірі білік бергендіктен, өзім күдіретті қағаныммен ұғыстым, 'Білге Тонүкүк Бойла Баға Тарханмен бірге мен Елтеріс қаған болайын' – деді деп жазған (Сартқожа Қ. 2012: 123). Бұл бойынша Құтлұқ пен Тонүкүқтың мұндай атақтарды алуы бір мезетте, яғни қағанатты қалпына келтірудің алғашқы рәсімінде болған.

Кейін (682 жылы) Елтеріс қаған Ашидэ Юаньч жэнь есімді екінші бір дана тұлғаны да өзінің ақылгөйі еткен. «Синь таншу» кітабы: Сол кезде Чаньюй [духу]фуының бағынған тайпалар ісіне жауапты Ашидэ Юаньч жэнь есімді шенеунікті чанши Ван Бэньли қамауға алған болатын. Құтлұқ шапқыншылық жасағанда, Юаньчжэнь [Ван Бэньлиден патшалықтың құзырындағы] тайпаларға барып, өз күнәмді жусам дегенді өтінеді. Сонымен оның бұл өтініші қабылданады. Ол Құтлұққа бағынған соң Құтлұққа ақылшы болды. Елтеріс қаған оны «Апа тарқан» етіп тағайыдап, әскерін түгел соған басқартып қояды деп көрсеткен (Еженханұлы Б., Ошан Ж. 2006: 179; Liu Xu 1975: 194, 5167). Бұған дейін тарихшы ғалымдар арасында «Ашидэ Юаньчжэнь» мен Тонүкүқты бір адам деп санаған пікір қалыптасқан (Кляшторный 1964: 28-31). Шындығында ол екеуі мүлде екі басқа тарихи тұлға болып табылады (Sen Zhongmian 1958:865-866).

Елтеріс қағанның осы жылдары жетістіктерінің бірі оның тоғыз оғызды бағындыруы болды. Көк Түріктер өз мемлекетін қалпына келтіруге әрекеттеніп жатқанда, Тоғыз Оғыздар тарапынан қауіпті хабар келіп түседі. Көк түріктердің жаулары солтүстіктегі Тоғыз Оғыздар шығыстағы Қытандар, оңтүстіктегі Таң патшалығы бір-бірімен тіл біріктіріп Көк түріктер мемлекетін жөргегінде жоюды жоспарлаған. Бұл хабарды естіген Елтеріс қаған мен Тонүкүк олардың басы бірікпей тұрғанда жеке-жеке жою әрекетке көшті әрі стратегиялық мақсатына жетті.

Түркі руналарында «Тонүкүк [қолды] Көк-Өңіден жоғары Өтікен жынысына бастағаны баяндалған (Сартқожа Қ. 2012: 123-124). Қатысты деректерге негізделсек олар өзінің Өтүкен даласындағы бұл жеңісіне 682 жылдың күз айларында жеткен.

Қытай деректерінде дәл осы тұста Апа тархан Ашидэ Юаньчжэнь Таң патшалығының Гоби шөлінің оңтүстігіндегі түркілерді жаныштауға жіберген Чжан Цяньсуй генералдың әскерін талқандап тастағанын хабарлаған. Елтеріс қаған осы жазда жорықты онан әрі жалғастырып «Шаньюй духуфуының солтүстік бөлігіне» шабуыл жасаған (Еженханұлы Б., Ошан Ж. 2006: 179). Артынша олар Таң патшалығының шекарадағы маңызды қалашығы, Юньчжун духуфуының орталығы Динсянь ауданына (қазіргі Шаньси провинциясы Синчжоу қаласына қарасты аудан), онан кейін Ланчжоуға (қазіргі Шаньси провинциясы Ланьсянь ауданы) жорыққа аттанып, Ланчжоу аймағының әкімі Вань Дэмаоні өлтіреді. Бұл оқиға 682 жылы 12 шілде де болды. Осы жерден аттанып Бинчжоу (қазіргі Шаньси провинциясы орталығы Тайюань қаласы) қаласына шабуыл жасайды.

Вань Дэмао өлімінен кейін Елтеріс қағанның шабуылын тойтару үшін Таң патшалығы танымал қолбасшысы – Сюе Жэньгуйді жорыққа аттандырады. Қытай деректері Сюе Жэньгуйдің бұл жорықта Елтеріс қаған қосынын Юньчжоуда талқандағаны және 10 мың адамын өлтіріп, 20 мың бас малды олжаға алғанын хабарлаған. Бірақ, түркі ескерткішінде Тонүкүк бұл жолы әр бағытта 2000 сарбаз аттандыруды өтінген әрі өзі екі мың адаммен солтүстікке тоғыз оғыздарға аттанып, оңтүстікке аттанған 2000 адамдық қосынды Елтеріс қаған басқарғанын хабарлаған. Бұл мәлімет қытай деректерінің жоғарыдағы көрсеткішін жоққа шығады. Әйткенмен, мұнда ескеретін бір жағдай бұл кезде түркі тайпаларының елеулі тобы әлі де болса далалық аймақтың Қытай жеріне түйіскен тұсында қоныстанып отырған болатын. Елтеріс қаған мен Апа тарқан табғач жерінде қалған түркі жұртын азаттыққа шығарумен ісімен айналысқанын ескерсек бұл мәліметті басқаша мәнде түсінуге тура келеді. Мұндай жағдайда

Сюе Жэньгуйдің «10 мың адамын өлтіріп, 20 мың бас малды олжаға алуын» сол маңдағы түркі тайпаларымен байланыстыруға болады. Бұл оқиғалар тізбегі 683 жылдың бастапқы айларында болған еді.

Елтеріс қаған бастаған Түркі елін 683 жылы тәңірі тағы жарылқады. Император Тан Гаоцзудың ауруы асқынып жедел шешім қабылдауға қажетті мемлекеттік істер өз шешімін таппады. Осыған сәйкес Елтеріс қаған қосындары 683 жылы қыстың соңғы айларында қазіргі ҚХР астанасы Бейжиң қаласы тұрған жазықта бой көрсете бастады. Олар әуелі Динчжоу (Қазіргі Хэбэй провинциясы Баодиң қаласы) аймағын, наурызда Гюйчжоу аймағын шабуылдап жеңіске жетті. Елтеріс қаған мен Апа тархан сол жерден солтүстікке қайта беттеп бір айдан кейін «Чаньюй протекторатын қоршауға алды» (Liu Xu 1975: 3, 60). Бұл жолы Таң патшалығы Шыңчжоу аймағының дудуы Ван Бэньли мен Сячжоу аймағының дудуы Ли Чуң-иді екі бағыттан Чаньюй протекторатына көмекке жіберді. Тарихи еңбектер олардың одан әрі не тындырғанын тіркемеген, соған қарағанда ол екеуі де көздеген мақсаттарына жете алмаған сияқты. Керісінше Чаньюй протекторатын басқарып отырған сыма Чжан Синьши қаладан айрылып, өзі соғыста өлгені тіркелді (Ouyang Xiu 1975: 3j, 78,]. Елтеріс қаған мен Апа тарханның осы жолғы жеңісті жорығы Таң патшалығы түркі тайпалары қоныстанған аймақта құрған – «Чаньюй протекторатын» тартып алуы «Чаньюй протекторатын» оның әкімі (сыма) Чжан Синьшимен бірге келмекке кетірді.

683 жылы маусымның ортасында Елтеріс қаған мен Ашина Юаньчжэнь басқарған түркі қосындары Юйчжоу (қазіргі Шаньси провинциясы Датун қаласы маңында) аймағына аса жеңісті шайқас жасап, аймақтың әскери әкімшілік істерін басқарып отырған генералы Ли Сыцзяньді о дүниеге аттандырып салды.

Артынша Фэнчжоу аймағы (қазіргі Ішкі Моңғолдың Утай ауданы) дудуы Цуй Чжибянь патша жарлығы бойынша Елтеріс қағанға қарсы жорыққа аттанды. Ол Чжауна тауы маңында (ҚХР. Ішкі моңғолдың Гуоань ауданының шығысы) солтүстікке беттеп бара жатқан жерінде Елтеріс қаған қосындарының алдын тосқан еді. Бірақ, Цуй Чжибянь қолы Елтеріс қағаннан жеңіліп, өзі жоғарыдағы екі әріптесінің артынан бақи дүниеге аттанды.

Цуй Чжибянь бұған дейін Тібетпен арада болған соғыстарда жеңіске жетіп, патшалықтың Шығыс Түркістандағы әскери қимылдарында қол бастаған бетке басар қолбасшы болатын. Елтеріс қаған Түрік қағанатын орнатқаннан кейін Таң патшалығы оны Фэнчжоу аймағына дуду етіп тағайындап үлкен үмітпен жіберген болатын. Цуй Чжибянь қазасы Таң патшалығы үшін орны томас шығын болды. Аталған аймақ Таң патшалығы бодан болған түркі ақсүйегі Шиданай билігіндегі түркі тайпалары қоныстанған жер болғандықтан, онда этникалық түркілерден жасақталған жауынгер атты жасақтар тұратын. Цуй Чжибянь Елтеріс қағаннан жеңілгеннен кейін, оның басқаруындағы бұл қосын толығымен Елтеріс қағанға бағынып, оның әскери әлеуетін онан әрі күшейте түсті. Осы бір келеңсіз оқиға Таң патшалығына Цуй Чжибянь қазасынан әлде қайда ауыр тиген еді.

Елтеріс қаған 683 жылы жүргізген соғыстар мұнымен ғана шектелген жоқ. Мамыр айында оның қосындары Ланчжоу аймағына да шабуыл жасаған. Бірақ, бұл жолы оларды «Ян Суаньци қуып жіберген» (Sima Guang 1956: 203j, 6415.).

Қытай деректемелері берген мәлімет бойынша осы жылы қарашада Таң патшалығы мен түркілер арасында орын алған соғыстарда көзге түсіп жүрген Чэн Утин атты сеңүнге «Шаньюйдаоды тыныштандырушы елші» деген лауазым беріп Цунцайшан тауындағы (Чұғай құзы) қарақшы Юаньчжэнь (Апа тархан), Гудулу (Құллуқ), Хэгэцзунь (Қарлық?) қатарлыларға үгіттеу міндеті жүктеген (Sima Guang 1956: 203j, 6415). Чэн Утиннің мұндай міндетке тағайындалуы бұған дейін сонда осы міндетті атқарған Чжан Цяньсуй нәтижесіз жұмыс істеген дегенді көрсететін. Сол сияқты Чэн Утин де өз міндетін абыроймен атқарғаны туралы мәлімет кездеспейді. Соған қарағанда оның қызыметі Елтеріс қағанға елші аттандырумен ғана шектелсе керек. Келесі жылы Елтеріс қағанға қол бастап Шочжоуға (Қазіргі Шаньси провинциясы Шосянь ауданы) шабуыл жасаған кезде Чэн Утинмен соғыс майданында кездесті. Бұл Елтеріс қағанға жасалған үгіт-насихат еш өнім бермегенін көрсетті.

683 жыл соңында император Гаоцзу опат болды. 684 жылы Таң патшалығында кезекті саяси тұрақсыздық белең алды. У Цзэтянь император Тан Чжунцзунді патшалық құқығынан айырып, оның орнына Ли Даньді император етіп ұлықтап, Тан Жуйцзун деп атады. Осылайша билікте қалыпсыз жағдай орын алып, У Цзэтянь өз ықпалын күшейте бастады. Артынша әулет ақсүйектерінің У Цзэтяньға қарсылығы басталып, оның соңы қантөгіске айналды. Дегенмен, У Цзэтянь өз қарсыластарының көзін тез арада жойып жіберді. Таң патшалығының осындай ішкі дағдарысын жақсы білген Елтеріс қаған мен оның ақылгөйлері әскери шараларды онан әрі жалғастыра түсті. Сөйтіп, Елтеріс қаған Шочжоу аймағына жорыққа аттанды. Алайда, ол бұл жолы Чэн Утунның тегеуірінді қарсылығына тап болып, кері шегінді.

Осыдан кейін У Цзэтянь Таң патшалығының жаңа императоры атынан жарлық шығарып Чэн Утунді «Шаньюйдаоды тыныштандырушы елші» деген жаңа мансапқа тағайындады. Бірақ, У Цзэтянь осы жылдың соңында өзінің осынау бетке ұстар қолбасшысын өзіне қарсы келгені үшін өлтірді. Көп өтпей қатын билеуші өзінің келесі бір қолбасшысын Ван Фан-иді патша әулетіне адал уәзір болғаны үшін Хайнаньге жер аударды, ол жолда аурып өлді. Сөйтіп, Таң патшалығында Елтеріс қағанмен соғыса алатын қолбасшы да қалмауға айналды.

«Тонүкүк» ескерткіші тоғыз оғыздарды бағындыру мен Өтүкен қойнауын қағанат астанасы етуді бір ғана оқиға ретінде баяндалған. Бұл оқиға 682 жылы болған оқиға саналады. Шын мәнісінде Елтеріс қаған Өтүкен қойнауын астана етіп белгілегенімен бүкіл даланы өз ықпалына алған жоқ еді. Онда Таң патшалығы тарапынан жасақталған вассалдық жерлік билік «Солтүстікті бейбіт ету жөніндегі бас протекторат» (Ань бэй духуфу) әлі де өз өміршеңдігін тоқтатқан жоқ болатын. Таң патшалығының ықпалындағы бұл билік Таң патшалығына өзін «Духу» деп атаса, ел ішінде өзін «қаған» деп атады. Түркі ескерткіштерінде бұл адамды Тоғыз оғыздың «Баз қағаны» деп атады. Қытай деректері дәл сондай адамның атын «Бису» деп атады әрі оны тоғыз оғыздардың бір тармағы хуэйхэлдердің (үйғыр) билеушісі деп көрсетеді. Олар Таң патшалығының қуыршақ билігі ретінде Түркі қағанатын ұясында тұншықтыру үшін бар күшін салып келді. Сонымен бірге өзінің осы әрекетіне тоғыз оғыз тайпаларын ат салысуға бастамашылық етті. Бірақ, тоғыз оғыз тайпаларының барлығы бірдей оның бұл қытайшыл саясатын қолдамады. Олардың бір бөлімі жаңадан құрылған Түркі қағанатының жаршысы болды. 685 жылы тоғыз оғыздардың ең әйгілі екі тайпасы тонра, пугу деген екі тайпасы түркі қағанатын ашық қолдау көрсетті. Сөйтіп, Баз қағанның басқаруындағы тоғыз оғыз тайпалары Түркі қағанатын қолдаушылар мен «Табғашшылдар» болып қаққа бөлініп, ақыры соғыс оты тұтанды. Шайқастың бастапқы кезінде Табғашшылдар тобында Баз қағанның хуэйхэ тайпасы және циби, хунь және сыңзе (ізгіл) қатарлы тайпалар болды. Бірақ бұл топ жеңіліс тауып Таң патшалығынан көмек сұрады. Таң патшалығы Хэси дәлізіндегі атты жасақтарын Лю Цзинтунге басқартып жорыққа аттандырды (Sima Guang 1956: 6435). Таң патшалығының Бесбалықта тұрған Цзиньшань протекторатының духуы Тянь Янмин сол маңдағы Батыс түрік қағанаты армиясын Алтай тауынан шығысқа жорыққа аттануға ұйымдастырды. Он оқ қағаны үш мыңнан астам жауынгерін бастап жолға шықты (QTW 1982: 221j, 2140-2142; Chen Zi-ang: 8j).

Нәтижеде онда күтпеген жағдай орын алды. Қытай әскері келіп жеткен кезде олардан бұрын жеткен Он оқ қосындары тоғыз оғыздарды түгелдей шауып, тонап алып кетіп қалғанын көрді. Бұл жерде Елтеріс қағанды жақтаушылардың қаншалық шабуылға тап болғаны анық емес. Ең ауыр зардап тартушы сатқын Баз қаған болды. Он оқ қосындары оларды түгін қалдырмай шауып, мүлде күйретіп кетті. Олар бұдан әрі жаңадан құрылған Түрік қағанатына қарсы шыққанды қойып, қытай билігі қолдауымен тоғыз оғыздардың билеушісі келбетінен мүлде айрылды. Осы іске байланысты Таң патшалығы Бесбалықтағы қолбасшысы Тянь Янминді міндетінен алып, қылмыс тағайындады. Ол басқарған Бесбалықтағы протекторат та құрдымға кетті. Ал Он оқ билеушілерін Таң патшалығына келіп-кету құқығынан айырды.

Таң патшалығының Елтеріс қағанның тоғыз оғыздар арасындағы жақтастарын Баз қағанмен және Он оқ қағанымен бірлесіп жою жоспары осылайша сәтсіз аяқталды. Ал Елтеріс қаған стратегиялық мәнге ие жетістіктерге жетті. Ол өзінің аймақтағы ең үлкен бәсекелесі Баз қағанды әлсіретіп, тоғыз оғыз тайпаларының өзіне бағыну қадамын тездетті. Сонымен бірге Таң патшалығының далалық аймақтағы ықпалы әлсіреп, «Солтүстікті бейбіт ету жөніндегі

протектораты» (Ань бэй духуфу) құрдымға кете бастады. Он оқ қағанының Баз қағанның елін шабуына байланысты Таң патшалығының ол елге қаратқан саясатын өзгертуіне байланысты Он оқ қағаны Таң патшалығынан іргесін аулаққа салып, олардың ықпалынан түбегейлі құтылу жолында батыл қадам жасады.

Қытай ықпалының Он оқ жеріндегі әлсіреуі Елтеріс қағанға бүкіл Түркі даласын өз билігіне алудың үмітін сыйлады. Ол Он оқ қағанымен арадағы байланысын жақсартып, Он оқ жеріндегі Таң патшалығы ықпалын аймақтан ығыстырып шығарудың жолын қарастырды. Қытай деректері осы кездегі Он оқ билеушісі ретінде Тафу (Тоғбек /To:gbeg) деген адамның атын атайды әрі оның Таң патшалығына қарсы күрестер жасағанын тіркеген. Көптеген жағдайларға қарағанда Елтеріс басқарған Түрік қағанатты Он оқ елімен тығыз қарым-қатынаста болып отырғанын растай алады.

685 жылы көктемде Елтеріс қаған Шочжоу, Дайчжоу аймақтарына тағы жорыққа аттанды. Бұл жолы У Цзэтянь жіберген Пу Инцзе соғыста жеңіліп, 5000 сарбазынан түгел айрылды. У Цзэтянь енді Вэй Дайцзя атты қолбасшыны жіберді. Бірақ, тарихи деректер оның осы жылы қандай бір жеңіске жеткені туралы мәлімет бермеуіне қарағанда ол да өз міндетін абыроймен атқара алмаса керек.

Осылайша Елтеріс қағанмен арадағы соғыста жолы болмаған У Цзэтянь Тібеттермен соғыста аты шыққан корей ұлтынан шыққан қолбасшы – Хэйчи Чанчжиді (Heukchi Sangji) Тібет жақтағы шекарадан шақырып алып, Елтеріс қағанға қарсы қосындарды басқаруына береді. Бірақ, Елтеріс қаған Хэйчи Чанчжиден қаймыққан жоқ еді. Ол 686 жылы күзде Қытай жеріне жорыққа аттанып әуелі Шаньси провинциясының солтүстік бөлігіне шабуыл жасап, одан соң қазіргі Хэбэй провинциясы аумағында Хэйчи Чанчжимен соғысты. Кеш батқан кезде Хэйчи Чанчжи далаға көп жерден от жағып өзінің әскер санын көбейтіп көрсетіп Елтеріс қағанды шырғалап бетін қайтарды. Елтеріс қаған «сол түні шегініп кетеді» (Sima Guang 1956: 204j, 6445).

687 жылы Елтеріс қаған табғачтарға жорықты онан әрі жалғастырды. Жыл басында ол қазіргі Бейжің қаласына қарасты Чанпин ауданына шабыл жасап, тонап, адамдарды барымталап қайтты. Тамызда Шаньси провинциясындағы Шочжоу аймағына кезекті шабуыл жасады. У Цзэтянь Хэйчи Чанчжиді бас қолбасшы, мохэ ұлтының қолбасшысы Ли Доцзоны орынбасар етіп тағайындап, сонда жіберді. Елтеріс қаған Хуанхуатуй деген жерде (қазіргі Шаньси провинциясының Инсян ауданы) болған бетпе-бет шайқасқа жер қайысқан қалың қолға төтеп бере алмасын біліп, соғыс тактикасын өзгертеді. Бұл жолы ол соғыста жеңілген болып, жан-жаққа бытырай қашып, уағдалы жерде қайта топтасып, жауды далалық аймаққа бастап апарып күйретуді жоспарлаған еді.

Елтеріс қағанның кезекті соғыс аяласын жеңіске жеттік деп түсінген Таң патшалығы оны бірден жойып жіберетініне сенім артқандай болады. Осыған байланысты У Цзэтянь алдағы жорық туралы нақты жоспарлар мен тапсырмалар беріп отарады. Бірақ, тәжірибелі корей қолбасшы Хэйчи Чанчжи артық қадам жасамайды. Есесіне, У Цзэтяньнің келесі бір қолбасшысы Цуань Баоби жеке дара ерлік көрсете қоюға бел шеше кірісіп кететі. Ол Елтеріс қағанның артынан қууға рұқсат сұрайды. У Цзэтянь оның өтінішін қабылдай отырып, оған бас қолбасшы Хэйчи Чанчжидің рұқсатын алуды, онымен бірлікте қимылдауды қадағалап тапсырады. Бірақ, Цуань Баоби қыс түсіп келе жатқанын да, императордың тапсырмаларын да ескермей Елтеріс қағанның соңынан қуып жолға шығады. Цуань Баоби Қытай шекарасынан шығып 20 шақырым жол жүргенде Елтеріс қағанның қосынымен бетпе-бет кездеседі. Шайқас кезінде Елтеріс қағанның Цуань Баобидің 13 мың әскерін түгел қырып, Цуань Баобиге сопа басымен қашып құтылудың мүмкіндігін береді. Сөйтіп оны өлтіруді У Цзэтяньге қалдырды. 13 мың адамдық қолдан түгел айрылып, жалғыз өзі келген Цуань Баобиді көргенде У Цзэтянь жынданып кете жаздайды, долы қатын оны бірден өлтіреді. Ашуы оған да тарқай қомаған соң Құтлұқ дегеннің қытайша айтылуы болған «Гудолу» (*Gu duo lu*, Құтлұқ) дегенді «Буцзулу (Bu zu lu, яғни «өлем қапқыр»)» деп өзгертіп тастайды.

Қатын патша У Цзэтянь Түрік қағанаты мен оның қағаны Елтеріс қағанға қарсы түрлі әскери жорықтар ұйымдастырумен бірге басқа да қитұрқы шараларды іске қосып отырды.

Солардың бірі қуыршақ қағандар тағайындау болды. Мұндай тәсіл қытайдың сыртқы саясатында тәжірибеде бар кәнігі амалдардың бірі саналатын. Бұл тәсілмен кез келген біртұтас билікті ішінен ірітуге болады. У Цзэтянь бұл тактикаға көшуінің басты себебі – Түркі қағанаты құрылғаннан кейін түркі тайпаларын джимми жүйесі арқылы өз вассалына ұстап отыру өміршеңдігін жоғалтты. Патшалықтың түркілерді бағындыру мақсатындағы жасаған әскери жорықтары түгелімен сәтсіз аяқталды. У Цзэтянь енді қуыршақ қаған тағайындап сол қуыршақ қаған арқылы жат тұрттықтарды өз ықпалында ұстаудың көне әдісін пайдаға асыруды қарастырды. Сөйтіп, 687 жылы Ашина Ганьдэ деген адамды қуыршақ хан сайлап оны «Гуй-и кэхань» деп атап, сол арқылы Елтеріс қаған құрған қағанатқа қарсы қойды.

Ашина Ганьдэ бірінші түрік қағанатының соңғы қағаны Еліг қағанның тіке ұрпағы болатын. У Цзэтяньның мақсаты құрдымға кеткен Бірінші түрік қағанатын тірілтіп оны жаңадан бой көтерген Түркі қағанатына қарсы қою болды. Сол арқылы ең кемінде Таң патшалығының ұлы даламен шектескен тұсын Шығыс түрік қағанатының шабуылынан қорғамақ болды. Елтеріс қаған Еліг қағанмен бірге туған аға-інілердің ұрпағы болса Ашина Ганьдэ Еліг қағанның өз кіндігінен тараған ұрпағы, яғни шөбересі болатын. Айтулы тұлға туралы қытайдың дәстүрлі әдебиетінде еш жерде тіркелмеген. Бұл мәліметтер 2000 жылы Лоян қаласынан табылған «Ашина Ганьдэ эпитафиясы» атты ескерткіштен мәлім болды. Ескерткіш мәтінінен белгілі болғанындай аталған тұлға 691 жылы өмірден озған, келесі жылы, яғни 692 жылы жерлеген (Zhao Zhenhua 2009: 473-485).

Елтеріс қаған өзінің оңтүстік жақтағы табғачтармен шекара аймақтағы күшін бекемдеп, олардан келетін қауіпті сәл де болса сейілткеннен кейін Батыс және Шығыс түрік қағанаттарын толықтай біріктірудің жоспарын онан әрі қолға алады. Шындығында Елтеріс қағанның Он оқ жеріне бағыттаған жорығы 685 жылы басталған болатын. «Цзэ чжи тун цзянь» кітабы берген бір мәліметте: «Батыс түрік қағанатының Он оқ халқы чуйгун жылдарынан бастап (685 ж. ақпан – 689 жылдың басы) Шығыс түріктердің шабуылына ұшырап, ел-жұрты жан жаққа тозып кетті» (Sima Guang 1956: 204j, 6445) деп жазды. Мәлім болғанындай 689 жылдың соңынан келесі жылдың қазан айы аралығында Түркі қағанаты қырқыстарға қарсы жорық жасап, артынша Алтай тауларында әскер топтастырды. Алайда, Елбілге Қатүн қазасына байланысты Он оқ жеріне жорық жасау уақытша кешіктірілді.

689 жылға жеткенде Таң патшалығы Шығыс Түркістанға жіберген Вэй Дайцзе мен Янь Вэньгу басқарған армиясы Тибеттерден жеңіліп, Батыс түрік қағанатының Шығыс Түркістандағы бөлігі енді тибеттіктердің қолына өте бастады. Осыған байланысты Елтеріс қаған Он оқ жеріндегі ықпалын арттырып, Он оқ тайпаларын бағындыру мақсатында әскери шараларды жалғастырды.

Елтеріс қаған бұл жолы негізгі қосынды батысқа аттандырып, Мочоны (*Қапаған қаған*) ордаға қалдырып кетті. Соған сәйкес қытай деректері осы жылы мамыр-маусым айларында Мочоның Қытай шекаралық аймақтарына шабуыл жасағанын тіркеді. Жаздың басында У Цзэтянь өзінің ордадағы көңіл жетері Сюе Хуай-и деген алаяқ саудагерге генерал атағын беріп жорыққа аттандырады. Бірақ ол иен жатқан түркі даласына барып ешкім кездестіре алмай қайтып келеді. Күзде Сюе Хуай-и 200 мың әскермен «Құтлұққа жорыққа аттанып», бұл жолы да еш нәтижесіз оралады. Соған қарамастан осы оқиғаның өзі У Цзэтяньнің жабырқау көңіліне қуаныш ұялатты. У Цзэтянь жабайылар өзінің құдіретті жасағынан қорқып алысқа қашып кетті деп марсиып, той тойлап, марапат беріп, мәре-сәре болды. Шын мәнінде «Даланы бос қалдыру» – Елтеріс қағанның батысқа жорық жасау кезінде қытай шабуылынан сақтану мақсатында жасаған стратегиялық жоспарының бірі ғана болатын.

Елтеріс қағанның осыдан кейінгі қимылы Он оқ Түркеш жерін игерумен өткендіктен қытай деректемелері ол туралы көп дерек тіркемеген. Тек ғана «Ашина Юаньчжэнь туцишиге (түркешке) жорық кезінде (690 ж.) шайқаста өлді. Тяньшоу жылнамасының басында Гудолу өлді, оның ұлы әлі жас болғандықтан, қаған тағына отырғызылмады» деген мәлімет сақталған (Ouyang Xiu 1975: 6028-6050). Оның қайтыс болған жылы туралы деректер бір ізді емес (Liu Xu 1975: 194a: 5168; Ouyang Xiu 1975: 215j, 6044).

Елтеріс қағанның өмірі мен еңбегін «Білге қаған ескерткіші»: «Әкем қаған ... қырық жеті мәрте жорыққа аттанды, жиырма мәрте соғысты. Тәңірі жарылқағаны үшін елді елсіретпеді, Қағандықты қағансыратпады. Жауын Баз қылды. Тізеліні бүктірді, бастыны жүгіндірді. Әкем қаған елін, [төрін] орнатып, ұша барды. Әкем қағанға бас етіп Баз-қағанның балбалы қойылды. Әкем қаған өлгенде өзім сегіз жаста едім. Ол төрдің үстіне ағам қаған отырды» деп бәдіздеген (Сартқожа Қ. 2012: 102).

Қорытынды. Көпшілікке белгілі түркі руникалық ескерткіштеріндегі тарихи оқиғаларға қатысты мәліметтері жалпылама баяндау түрінде болып келеді. Онда тұтас бір дәуір туралы жақсы сипатталады, нақты оқиғаларға, жекелеген тұлғаларға байланысты мәліметтерді барынша ықшамдап көрсету көзделіп, көбінде тізбектеп өтіп кете береді. Оның себебі бұл тарихи мәліметті беріп отырған көне түркі дерек көзі «түрік бітіктастары» болғандығында. Соған қарамастан бітік тас бәдізшілері аз сөзбен көп информация берудің шеберлері ретінде санаулы ғана «бітіктаста» аса кешенді деректерді сыйғызған. Онда біз сөз етіп отырған тарихи дәуірді, тарихи тұлғаның бітім-болымысын сипаттауға қажетті мәліметтер толық қамтылады.

Керісінше, Қытай деректері мәліметі нақты түрде баяндауға негізделеді. Себебі ол еңбектер тұтас бір династияның ресми тарихына арналған шығармалар саналады. Солай дегенмен қытай деректері, өте-мөте династиялық «Ресми тарихтар» барлық тарихи шындықты қалпын құратпай реалды түрінде хаттап қалдырды дегенді көрсетпейді. Мұндай еңбектер феодалдық билікті, патшалықтың ұлылығын, өз халқының этномәдениеті мен жеке дара ұлттық болымысын әспеттеуді мақсат етіп отырады. Патшалықтың орда тарихшылары бір кездері бүкіл бір империяның бас ауруына айналып, ұлттық қауіпсіздігіне қатер төндірген Түркі қағанаты туралы, оның алып қағанын әспеттеуге тіпті де мүдделі емес. Қытайцентристік идеологияның уәкілдері саналатын қытайдың орда тарихшылары «Бүкіл әлем бір шаңырақтың астында болу» керек дейтін қытайлық саяси идеялогияны дәріптеуге жауапты ұлт зиялылары саналады. Осы тұрғыдан алып айтқанда олар ұсынған деректер аса мұқият зерделеуді қажет етеді. Сөйтіп, ондағы әрбір мәліметті түркі деректерімен салыстыра зерттеудің мәні арта түседі.

Соған қарамастан, ондағы қатысты мәліметтер Елтеріс қағанның жеке өзіне және ол қалпына келтірген Түркі қағанатына, Түркі қағанаты құрылғаннан кейін елде орын алған келелі оқиғаларға, аталған тарихи кезеңде тұтас Ұлы дала тарихы мен мәдени қатысты берген деректері басқа еш бір жерде қайталанбайды. Бұл дүниелер Елтеріс қағанның тарихи тұлғалық рөліне көлеңке түсірмейді. Керісінше руникалық жазбалардың күңгірт тұстарын анықтауға, оны шынайы түрде түсінуге орасан зор көмек беріп келеді. Әрине бұл деректер аталған тарихи кезеңге қатысты қазірге дейін ғылыми қауымға белгілі дерекердің жекелеген үзінділері ғана. Қатысты құжаттарды кешенді түрде қарастыру, жаңа құжаттардың тыңнан табылуы осылардың барлығы тақырыпқа қатысты зерттеудің терендей түсуіне серпін береді.

Information about authors:

Zh. Oshan – Candidate of historical sciences, Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. Kazakhstan, Almaty, E-mail: zhan918@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-5767-2794>.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:

- Сартқожа Қ. Орхон мұралары. 2-кітап. – Алматы, «Абзал-Ай» баспасы, – 2012. – 328 б.
 Ouyang Xiu, Xin Tangshu. Zhong hua shu ju, – 1975. – 6472 б.
 Еженханұлы Б., Ошан Ж., Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. – IV том. Әулеттік тарихи жылнамалар 2-бөлім. – Алматы, 2006. – 480 б.
 Sima Guang, Zizhi Tongjian. Zhong hua shu ju, – 1956, – 9799 б.
 Liu Xu, Jiu Tangshu . Zhong hua shu ju. – 1975, – 5407 б.
 Кляшторный С.Г., Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии. – М., 1964, –214 с.
 Cen Zhongmian, Tujue ji shi. Zhong hua shu ju, – 1958, –1136 б.
 Wang Pu, Tang hui yao. Jingdu: Zhushi huishe zhongwen chuban she, – 1978, –1804 p.

Chen Zi-ang, Shang xi fan bian zhou anwei shi santiao // «Chen shiyi ji», juan 4.// 陈拾遗集_陈子昂_在线阅读 - 中华典藏 <https://www.zhonghuadiancang.com>

Zhao Zhenhua, “Tang «Ashina Gande muzhi» kaoshi”//“Luoyang gudai mingke wenxian yanjiu”. Xi an: San qin chuban she, – 2009, – 473-485 бб. – 784 б.

Qing chao guanxiu, Quan Tangwen. Zhong hua shu ju, – 1982.

REFERENCES:

Cen Zhongmian, Tujue Jishi (A Historical. *Collection on the History of the Turks*). Beijing: Zhonghua shuju, 1958. –1136 p. [in chinese].

Chen Zi-ang, Collection of Chen Shiyi_Chen Zi-ang_Online Reading - Zhonghua Collection <https://www.zhonghuadiancang.com> >... [in chinese].

Ezhenkhanuly B, Oshan Zh., History of Kazakhstan in Chinese Sources. – Volume IV. Dynastic historical chronicles part 2. – Almaty, 2006. – 480 p. [in kazakh].

Klyashtorny, Ancient Turkic Runic Monuments as a Source Beset with the History of Central Asia / S.G. Klyashtorny. - M.: Science, 1964 – 214 p. [in russian].

Liu Xu et al. Jiu Tangshu [*Old Book of Tang*]. Beijing: Zhonghua shuju, –1975 – 5407p. [in chinese].

Ouyang Xiu, *The New Book of Tang*. Beijing: Zhonghua shuju, 1975 – 6472 p. [in chinese].

Qing dynasty historians, *Quan Tang wen* (Complete Tang prose). Beijing: Zhonghua shuju, 1982. [in chinese].

Sartkoja K. Heritage of Orkhon. Book 2. - Almaty, "Abzal-Ai" publishing house. 2012. – p. 328. [in kazakh].

Sima Guang, *Zizhi tongjian* (“*Comprehensive Mirror for Aid in Government*”), Zhong hua shu ju, 1956. – p. 9799. [in chinese].

Wang Pu, Tang Huiyao. Kyoto: Chinese Press Co., Ltd. 1978, – p. 1804. [in chinese].

Zhao Zhenhua, An Explanation of Tang's Epitaph of Ashina Gande // Research on Ancient Inscription Documents in Luoyang, Xi'an: Sanqin chubanshe, 2009, pp. 473-485. – p. 784. [in chinese].

МАЗМҰНЫ ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСНАМА

Бұрханов Б.Б. КЕҢЕСТІК ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ИСЛАМНЫҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ).....	4
Кушқумбаев А.Қ., Уалиев Т.А. ЕР ЕДІГЕ ЖЫРЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ (XIX ғ. II-жартысы – XX ғ. I-жартысы).....	15
Қапаева А.Т. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1921 – 1922 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚТЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ ҰСТАНЫМЫ.....	27

ТАРИХ

Ағатай Ө.М. ҚАЗАҚ БАТЫРЛАР ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ЖАҚ (ЖАЙ) ҚАРУЫ.....	41
Бекенова А.А. СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ОНЖЫЛДЫҚТАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ШАРУАЛАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ТҰРМЫСТАҒЫ МЕРЕКЕЛЕУ МӘДЕНИЕТІ (1945 – 1955).....	56
Дүйсенова Н.К., Смағұлов Б.Қ. 1930 – 1950 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МУЗЕЙ САЛАСЫ ДАМУЫНЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ.....	70
Закарья Р. ЕУРОПАЛЫҚ МИГРАНТТАРДЫҢ КСРО-ҒА ҚОНЫС АУДАРУЫНЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ, СОНДАЙ-АҚ ОЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ КАТЕГОРИЯЛАРЫ.....	81
Көкебаева Г.К., Шілдебай С.Қ., Стамшалов Е.И. 1967 ЖЫЛҒЫ ШЫМКЕНТ КӨТЕРІЛІСІ	98
Крупко И.В. ОТЫРАР КІТАПХАНАСЫНЫҢ БЕЙНЕ ЖӘНЕ НАРРАТИВ СЕМИОЗИСІ: ЖОҒАЛҒАН АҒАРТУШЫЛЫҚТЫ ІЗДЕСТІРУ БАРЫСЫНДА.....	112
Күнікеев А.Д., Жетпісбай Н.Ы. ЖОЛАМАН ТІЛЕНШІҰЛЫ БАСТАҒАН КӨТЕРІЛІС (1822 – 1840).....	126
Қалыбекова М.Ш. XX ҒАСЫРДЫҢ 30 – 50 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІРІГЕЙЛІКТІ ЖОЮ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	138
Қасымова Д.Б. Ж. ШАЯХМЕТОВ ПЕН Д. ҚОНАЕВ ҚЫЗМЕТТЕРІНЕН ҚАЛАЙ КЕТТІ: ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕ КЕЗЕҢДЕРІ.....	151
Қозыбаева М.М. СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕ ҚАЗАҚСТАН КОЛХОЗДАРЫНЫҢ	

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ (1946 – 1953).....	163
Қуанбай О.Б. ҚҰЛСАРЫ БАТЫР – ДИПЛОМАТ, МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ (1715–1776).....	172
Құдайбергенова А.И., Мамытова С.Н., Көбеев Р.Ж. АШЫҚҚАН ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫНЫҢ АУЫП БАРҒАН ЖЕРДЕГІ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ АРХИВТІК ДЕРЕКТЕРДЕН (1931 – 1933).....	185
Муканова Г.К., Байжуманова З.Б. БӨКЕЙХАНОВТЫҢ РЕДАКТОРЛЫҒЫНДАҒЫ «БАХАИЗМ» ЖАЙЛЫ ДӘРИСТЕР ЖӘНЕ СМАҒҰЛ СӘДУАҚАСОВТЫҢ «ОҚУЛЫҚ ЖАЗБАЛАРЫ».....	196
Нурсултанова Л.Н., Еркін А.Е. ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ТАЯУ ШЫҒЫСТЫҢ САЯСИ – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ: ТАРИХИ-ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІ.....	206
Оразов Р.Е., Сатенова М.Р. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ.....	217
Оспанов Н.М. КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БҰҰ-ДАҒЫ ӘСКЕРИ ТҮТҚЫНДАРДЫ РЕПАТРИАЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ САЯСАТЫ.....	228
Ошан Ж. ҚЫТАЙ ЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ ЕЛТЕРІС ҚАҒАН ТУРАЛЫ ШІНАРА МӘЛІМЕТТЕР.....	238
Сарманова С.Р., Қозыбаева М.М., Маслов Х.Б. ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ЖӘНЕ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ БІРЕГЕЙЛІГІН ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	249
Сманова А.М. АХМЕТ ЗӘКИ УӘЛИДИДІҢ ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ КӨЗҚАРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ.....	257
Стась И.Н., Нурбаев Ж.Е., М.М. Козыбаева АҚМОЛА ҚАЛАСЫНДАҒЫ ХІХ Ғ. ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – ХХ Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҒИБАДАТХАНА ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ ТАРИХЫНАН (ФОТОҚҰЖАТТАР МАТЕРИАЛДАРЫНДАҒЫ СӘУЛЕТТІК ТАЛДАУ).....	266
Ш.Б. Тілеубаев, С.Г. Белоус, Н.Н. Құрманалина, А.Н. Конкабаева ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАР МЕН ҰЛТЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ МУЗЕЙ ІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ.....	277
Түрсүн Х.М., Шаметов С.Т., Исаев М.С. ИСЛАМДЫҚ ЖӘНЕ ХРИСТИАНДЫҚ ЖЕРАСТЫ МІНАЖАТ ОРЫНДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ МЕН ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ОРТАҚ БЕЛГІЛЕР.....	289
Ханна Матт ЖАҒАҒЫНДАҒЫ ӘСКЕРИ ТҮТҚЫНДАУ ҚҰБЫЛЫСЫ БІРІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС КЕЗІНДЕ: ТҮРКІСТАН ТӘЖІРИБЕСІ (1914 – 1916).....	301

Черепанов К.В.

Д.А. ҚОНАЕВТЫҢ АЛМАТЫНЫҢ ЕЛОРДАЛЫҚ
КЕЛБЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ.....314

Шакиева А.С.

ОТАН ТАРИХЫНДАҒЫ ЖОШЫ ҰЛЫСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ:
КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ТАРИХ (САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ).....329

Шотанова Ғ.А., Өжкенов Е.М., Жұмаділ А.Қ.

БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚТАР:
ДӘСТҮРЛІ ҚОҒАМДЫ ЖАҢҒЫРТУДЫҢ БАСТАЛУЫ.....340

АНТРОПОЛОГИЯ

Әжіғали С.Е., Әшім Б.Ә.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН КЕШЕНДІ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ-ЭТНОАРХЕОЛОГИЯЛЫҚ
ЭКСПЕДИЦИЯСЫНЫҢ 2021 ЖЫЛЫ ҚОБДА ӨЛКЕСІНДЕ ЖҮРГІЗГЕН ЗЕРТТЕУЛЕРІ.....353

Ганиева А., Ананьевская Е., Хасенова Б.

ҚАЗАҚ ҚЫСТАУЫНЫҢ ЗАТТЫҚ ТОПТАМАСЫ:
АҚМОЛА ӨҢІРІНДЕГІ ДАЛАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША.....361

Кулагина Е.В., Смағұлов Б.Қ., Болсынбек Т.Н.

ОМБЫ ӨЛКЕТАНУШЫСЫ СЕРГЕЙ РОМАНОВИЧ ЛАПТЕВТИҢ ЖОЛ ЕСТЕЛІКТЕРІНДЕГІ
ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ МӘДЕНИЕТІНЕ
ҚАТЫСТЫ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘЛІМЕТТЕР.....370

Рогожинский А.Е., Камалдинов И.Р.

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ АСПАРА ЖӘНЕ ШАРУАШЫЛЫҚ ҚАЛАЛАРЫ
(2021 – 2022 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ АЛДЫН-АЛА НӘТИЖЕЛЕРІ).....384

МЕРЕЙ ЖАС

Алдажуманов Кайдар Сейсембаевұлы – 80 жас.....393

СОДЕРЖАНИЕ

ТЕОРИЯ МЕТОДОЛОГИИ

- Б.Б. Бурханов**
О НЕКОТОРЫХ СПЕЦИФИЧЕСКИХ ЧЕРТАХ ИСЛАМА
В СОВЕТСКОЙ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ (ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ ОБЗОР).....4
- А.Қ. Кушкумбаев, Т.А. Уалиев**
ИСТОРИОГРАФИЯ ЭПОСА ЕР ЕДІГЕ ВО II ПОЛОВИНЕ XIX – I ПОЛОВИНЕ XX ВВ.....15
- А.Т. Капаева**
ТЕОРЕТИКО–МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ
К ИЗУЧЕНИЮ ГОЛОДА 1921 – 1922 ГГ. В КАЗАХСТАНЕ.....27

ИСТОРИЯ

- У.М. Агатай**
ТРАДИЦИОННОЕ ОРУЖИЕ ЛУК В КАЗАХСКОМ ГЕРОИЧЕСКОМ ЭПОСЕ.....41
- А.А. Бекенова**
КУЛЬТУРА ПРАЗДНОВАНИЯ В ПОВСЕДНЕВНОЙ ЖИЗНИ
КРЕСТЬЯН КАЗАХСТАНА В ПОСЛЕВОЕННОЕ ДЕСЯТИЛЕТИЕ (1945-1955).....56
- Н.К. Дуйсенова, Б.Қ. Смагулов**
НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ РАЗВИТИЯ МУЗЕЙНОЙ
СФЕРЫ В КАЗАХСТАНЕ В 1930-Х – 1950-Х ГГ.....70
- Р. Закарья**
ПРЕДПОСЫЛКИ МИГРАЦИИ В СССР ЕВРОПЕЙСКИХ МИГРАНТОВ,
А ТАКЖЕ ИХ ОСНОВНЫЕ КАТЕГОРИИ.....81
- Г.К. Кокебаева, С.К. Шилдебай, Е.И. Стамшалов**
ЧИМКЕНТСКОЕ ВОССТАНИЕ 1967 ГОДА.....98
- И.В. Крупко**
СЕМИОЗИС ОБРАЗА И НАРРАТИВА ОТРАРСКОЙ БИБЛИОТЕКИ:
В ПОИСКАХ УТРАЧЕННОГО ПРОСВЕЩЕНИЯ.....112
- А.Д. Куникеев, Н.Ы. Жетписбай**
ВОССТАНИЕ ПОД РУКОВОДСТВОМ ЖОЛАМАНА ТЛЕНШИЕВА (1822-1840).....126
- М. Калыбекова**
ПРОБЛЕМЫ РАЗРУШЕНИЯ НАЦИОНАЛЬНОЙ
ИДЕНТИЧНОСТИ В 30-50-Е ГОДЫ XX ВЕКА.....138
- Д.Б. Касымова**
КАК «УХОДИЛИ» СО СВОИХ ПОСТОВ Ж. ШАЯХМЕТОВ
И Д. КУНАЕВ: ОБЩЕЕ И ОСОБЕННОЕ.....151
- М.М. Козыбаева**

СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ КОЛХОЗОВ КАЗАХСТАНА В ПОСЛЕВОЕННЫЙ ПЕРИОД (1946-1953).....	163
О.Б. Куанбай КУЛСАРЫ БАТЫР – ДИПЛОМАТ, ГОСУДАРСТВЕННЫЙ И ОБЩЕСТВЕННЫЙ ДЕЯТЕЛЬ (1715-1776).....	172
А.И. Кудайбергенова, С.Н. Мамытова, Р.Д. Кубеев ИЗ АРХИВНЫХ ДАННЫХ О ПРЕБЫВАНИИ КАЗАХСКИХ ГОЛОДОБЕЖЕНЦЕВ НА МЕСТАХ ОТКОЧЕВКИ (1931-1933).....	185
Г.К. Муканова, З.Б. Байжуманова ЛЕКЦИЯ ПО «БЕХАИЗМУ», РЕДАКТОР БУКЕЙХАНОВ И «ПИСАНИЕ УЧЕБНИКОВ» СМАГУЛОМ САДВОКАСОВЫМ.....	196
Л.Н. Нурсултанова, А.Е. Еркін ПОЛИТИКО – ЭКОНОМИЧЕСКОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО КАЗАХСТАНА И БЛИЖНЕГО ВОСТОКА: ИСТОРИКО – ХРОНОЛОГИЧЕСКИЙ АСПЕКТ.....	206
Р.Е. Оразов, М.Р. Сатенова АХМЕТ БАЙТУРСЫНОВ И КАЗАХСКОЕ ОБЩЕСТВО.....	217
Н.М. Оспанов ПОЛИТИКА СОВЕТСКОГО СОЮЗА В ООН В ОТНОШЕНИИ ПРОБЛЕМЫ РЕПАТРИАЦИИ ВОЕННОПЛЕННЫХ.....	228
Ж. Ошан ЧАСТИЧНАЯ ИНФОРМАЦИЯ ОБ ЭЛЬТЕРИС-ХАНЕ В КИТАЙСКИХ ИСТОЧНИКАХ.....	238
С.Р. Сарманова, М.М. Козыбаева, Х.Б. Маслов АЛИХАН БУКЕЙХАН И ВОПРОСЫ РАЗВИТИЯ ЭТНИЧЕСКОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ КАЗАХОВ.....	249
А. Сманова НАУЧНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ И ФОРМИРОВАНИЕ МИРОВОЗЗРЕНЧЕСКИХ УСТАНОВОК АХМЕТА ЗАКИ ВАЛИДИ.....	257
И.Н. Стась, Ж.Е. Нурбаев, М.М. Козыбаева ИЗ ИСТОРИИ ХРАМОВОГО СТРОИТЕЛЬСТВА В Г. АКМОЛИНСК ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ XIX – НАЧАЛЕ XX ВЕКОВ (АРХИТЕКТУРНЫЙ АНАЛИЗ НА МАТЕРИАЛАХ ФОТОДОКУМЕНТОВ).....	266
Ш.Б. Тілеубаев, С.Г. Белоус, Н.Н. Курманалина, А.Н. Конкабаева ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ОБЩЕСТВЕННЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ И НАЦИОНАЛЬНОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ ПО ОРГАНИЗАЦИИ МУЗЕЙНОГОДЕЛА В НАЧАЛЕ XX ВЕКА.....	277
Х.М. Турсун, С.Т. Шаметов, М.С. Исаев ОБЩИЕ ЧЕРТЫ В СТРОИТЕЛЬСТВЕ И ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ИСЛАМСКИХ И ХРИСТИАНСКИХ ПОДЗЕМНЫХ МОЛИТВЕННЫХ МЕСТ.....	289

Ханна Матт

ГЛОБАЛЬНЫЙ ФЕНОМЕН ВОЕННОГО ПЛЕНА
В ПЕРИОД ПЕРВОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ: ОПЫТ ТУРКЕСТАНА (1914 – 1916).....301

К.В. Черепанов С.Е. Ажигали, Б.А. Ашим

НЕКОТОРЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ ИССЛЕДОВАНИЙ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ
КОМПЛЕКСНОЙ ЭТНОГРАФО-ЭТНОАРХЕОЛОГИЧЕСКОЙ
ЭКСПЕДИЦИИ 2021 ГОДА В ХОБДИНСКОМ РЕГИОНЕ.....314

А.С. Шакиева

ИССЛЕДОВАНИЕ УЛУСА ДЖУЧИ В ИСТОРИИ ОТЕЧЕСТВА:
СОВЕТСКИЙ ПЕРИОД И СОВРЕМЕННАЯ ИСТОРИЯ (СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ).....329

Г.А. Шотанова, Е.М. Ужкенов, А.К. Жумадил КАЗАХИ БУКЕЕВСКОЙ ОРДЫ:

НАЧАЛО МОДЕРНИЗАЦИИ ТРАДИЦИОННОГО ОБЩЕСТВА.....340

АНТРОПОЛОГИЯ

С.Е.Ажигали, Б.А. Ашим

НЕКОТОРЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ ИССЛЕДОВАНИЙ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ КОМПЛЕКСНОЙ
ЭТНОГРАФО-ЭТНОАРХЕОЛОГИЧЕСКОЙ ЭКСПЕДИЦИИ 2021 ГОДА В ХОБДИНСКОМ
РЕГИОНЕ.....353

А. Ганиева, Е. Ананьевская, Б. Хасенова

ПРЕДМЕТНАЯ КОЛЛЕКЦИЯ КАЗАХСКОГО КЫСТАУ:
ПО МАТЕРИАЛАМ ПОЛЕВЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ В АКМОЛИНСКОМ ПРИИШИМЬЕ.....361

Е.В. Кулагина, Б.Қ. Смагулов, Т.Н. Болсынбек

ЭТНОГРАФИЧЕСКИЕ МАТЕРИАЛЫ ПО ТРАДИЦИОННОЙ КУЛЬТУРЕ КАЗАХОВ
В ПОЛЕВЫХ ЗАМЕТКАХ ОМСКОГО КРАЕВЕДА СЕРГЕЯ РОМАНОВИЧА ЛАПТЕВА.....370

А.Е. Рогожинский, И.Р. Камалдинов

СРЕДНЕВЕКОВЫЕ ГОРОДИЩА АСПАРА И ШАРУАШЫЛЫК
(ПРЕДВАРИТЕЛЬНОЕ РЕЗУЛЬТАТЫ ИССЛЕДОВАНИЙ В 2021 – 2022).....384

ЮБИЛЕЙ

Алдажуманов Кайдар Сейсембаевич – 80 лет.....393

CONTENTS

THEORY OF METHODOLOGY

B.B. Burkhanov ON SOME SPECIFIC FEATURES OF ISLAM IN SOVIET CENTRAL ASIA (HISTORIOGRAPHICAL REVIEW).....	4
A.K. Kushkumbayev, T.A. Ualiyev HISTORIOGRAPHY OF YER YEDIGE EPIC IN 2 ND HALF OF 19 – 1 ST HALF OF 20 CC.....	15
A.T. Капаева THEORETICAL AND METHODOLOGICAL APPROACHES TO THE STUDY OF THE FAMINE OF 1921–1922. IN KAZAKHSTAN.....	27

HISTORY

O.M. Agatay A BOW AS A TRADITIONAL WEAPON IN THE HEROIC EPICS OF THE KAZAKHS.....	41
A.A. Bekenova CULTURE OF CELEBRATION IN THE EVERYDAY LIFE OF THE PEASANTS OF KAZAKHSTAN IN THE POST-WAR DECADE (1945-1955).....	56
N.K. Düisenova, B.Q. Smagulov SOME ASPECTS OF THE DEVELOPMENT OF THE MUSEUM SPHERE IN KAZAKHSTAN IN THE 1930S – 1950S.....	70
R. Zakarya PREREQUISITES FOR MIGRATION OF EUROPEAN MIGRANTS TO THE USSR, AS WELL AS THEIR MAIN CATEGORIES.....	81
G.K. Kokebayeva, S.K. Shildebai, E.I. Stamshalov SHYMKENT UPRISING OF 1967.....	98
I.V. Krupko SEMIOSIS OF THE IMAGE AND NARRATIVE OF THE OTRAR LIBRARY: IN SEARCH OF THE LOST ENLIGHTENMENT.....	112
A.D. Kunikeev, N.N. Zhetpisbay THE UPRISING LED BY ZHOLAMAN TLENSHIEV (1822 –1840).....	126
M. Kalybekova PROBLEMS OF THE DESTRUCTION OF NATIONAL IDENTITY IN THE 30-50s XX CENTURY.....	138

D. Kassymova

HOW Z. SHAYAKHMETOV AND D. KUNAYEV LEFT THEIR POSTS:
COMMON AND PARTICULAR.....151

M.M. Kozybayeva

SOCIO-ECONOMIC DEVELOPMENT OF THE COLLECTIVE
FARMS OF KAZAKHSTAN IN THE POST-WAR PERIOD (1946 – 1953).....163

O. Kuanbay

KULSARY BATYR – DIPLOMAT, STATE AND PUBLIC ACTOR (1715 – 1776).....172

A.I. Kudaibergenova, S.N. Mamytova, R.D. Kubeyev

FROM ARCHIVAL DATA ON THE STAY OF THE KAZAKH FAMINE REFUGEES IN THE MIGRATION
DESTINATIONS (1931 – 1933).....185

G.K. Mukanova, Z.B. Baizhumanova

LECTURE ON "BEHAISM", EDITOR BUKEIKHANOV AND "WRITING TEXTBOOKS" BY SMAGUL
SADVOKASOV.....196

L.N. Nursultanova, A.E. Erkin

POLITICAL AND ECONOMIC COOPERATION OF KAZAKHSTAN
AND THE MIDDLE EAST: HISTORICAL AND CHRONOLOGICAL ASPECT.....206

R.E. Orazov, M.R. Satenova

AKHMET BAITURSYNOV AND KAZAKH SOCIETY.....217

N.M. Ospanov

THE POLICY OF THE SOVIET UNION IN THE UN WITH RESPECT TO THE PROBLEM OF
REPATRIATION OF PRISONERS OF WAR.....228

Zh. Oshan

PARTIAL INFORMATION ABOUT ELTERIS KHAN IN CHINESE SOURCES.....238

S.R. Sarmanova, M.M. Kozybayeva, K.B. Maslov

ALIKHAN BUKEIKHAN AND THE DEVELOPMENT
OF THE ETHNIC IDENTITY OF THE KAZAKHS.....249

A. Smanova

SCIENTIFIC ACTIVITY AND FORMATION OF THE WORLDVIEW OF AKHMET ZAKI
UALIDI.....257

I.N. Stas, Zh.Y. Nurbayev, M.M. Kozybayeva

FROM THE HISTORY OF TEMPLE CONSTRUCTION IN AKMOLINSK
IN THE SECOND HALF OF THE 19TH – EARLY 20TH CENTURIES
(ARCHITECTURAL ANALYSIS ON THE MATERIALS OF PHOTOGRAPHIC DOCUMENTS).....266

Sh.B. Tleubayev, S.G. Belous, N.N. Kurmanalina, A.N. Konkabayeva

ACTIVITIES OF PUBLIC ORGANIZATIONS AND NATIONAL INTELLIGENTIA ON THE
ORGANIZATION OF MUSEUM BUSINESS IN THE BEGINNING OF THE XX CENTURY.....277

H.M. Tursun, S.T. Shametov, M.S. Isaev

COMMON FEATURES IN THE CONSTRUCTION AND OPERATION OF ISLAMIC AND CHRISTIAN
UNDERGROUND PRAYER PLACES.....289

Hanna Matt

GLOBAL CAPTIVITY IN THE FIRST WORLD WAR:
PRISONERS OF WAR IN TURKESTAN, 1914 – 1916.....301

K. Cherepanov

THE ROLE OF D. A. KUNAEV IN SHAPING THE CAPITAL IMAGE OF ALMATY.....314

A. Shakiyeva

THE STUDY OF THE JOCHI ULUS IN THE HISTORY OF THE FATHERLAND:
THE SOVIET PERIOD AND MODERN HISTORY (COMPARATIVE ANALYSIS).....329

G.A. Shotanova, E.M. Uzhkenov, A.K. Zhumadil

KAZAKHS OF THE BUKEY HORDE: THE BEGINNING
OF MODERNIZATION OF TRADITIONAL SOCIETY.....340

ANTHROPOLOGY

S.E. Azhigali, B.A. Ashim

SOME RESEARCH RESULTS OF THE WEST KAZAKHSTAN INTEGRATED ETHNOGRAPHIC AND
ETHNOARCHAEOLOGICAL EXPEDITION IN 2021 IN THE KHOBDA REGION.....353

A. Ganieva, E. Ananyevskaya, B. Khassenova

COLLECTION OF FINDS OF THE SETTLEMENT OF BOZOK II IN THE NORTHERN
SARYARKA.....361

Y.V. Kulagina, B.Q. Smagulov, T.N. Bolsynbek

SOME ASPECTS OF THE DEVELOPMENT OF THE MUSEUM
SPHERE IN KAZAKHSTAN IN THE 1930S – 1950S.....370

A.E. Rogozhinsky, I.R. Kamaldinov

MEDIEVAL CITY-SITES ASPARA AND SHARUASHYLYK
(PRELIMINARY RESULTS OF RESEARCH IN 2021 – 2022).....384

ANNIVERSARY

Aldazhumanov Kaidar Seisembayevich – 80 years old.....393

Редакцияның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы
Алматы қ., Шевченко көш., 28,
ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
«edu.e-history.kz» журналының редакциясы
Телефон: +7 (727) 261-67-19
E-mail: edu.history@bk.ru
Электрондық мекен-жайы: www.edu.e-history.kz

Журнал 2013 жылдан бастап шығады.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркеліп, № 14602-ИА куәлігіне ие болды.